



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ

---

### **Еуропа күнін тойлауға арналған салтанатта Еуропа Одағы Өкілдігінің Басшысы, Елші Аурелии Бушездің сөйлеген сөзі**

*Астана, 15 мамыр 2013*

Министрдің орынбасары мырза, Министр, жоғары мәртебелі, ханымдар мен мырзалар!

Бүгін біз Еуропа күні деп есептелетін күнінің 63 жылдығын тойлап отырмыз.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін 5 ақ жыл өтісімен 1950 жылғы 9 мамырдағы Декларацияда әскери өнеркәсіп үшін аса маңызды ресустар - болат пен көмірді бақылауды біріктіру ұсынылғаны бәрімізге мәлім деп ойлаймын.

Декларация Франция мен Германияға бағытталған, бірақ басқа да Еуропа елдері үшін ашық болды. Ортақ бақылау Еуропа жерінде жаңа соғыс ашудың қандай да болмасын әрекеттерін болдырмауды білдіреді. Бұл 1951 жылы Париж Шартымен Еуропалық көмір және болат бірлестігі деп аталатын бірінші ұлт үсті еуропалық бірлестігінің құрылуына әкелді.

Мұндай тәсіл Еуропа елдерінің арасында ортақ мүдделер құруға бағытталған, бұл біртіндеп саяси ықпалдасуға және олардың арасында ұзақ мерзімді бейбітшілікті қамтамасыз етуге әкелуі тиісті еді.

Сол уақытта айтылған атақты сөздер осы уақытқа дейін орынды болып қала береді:

«Еуропа бір сағатта немесе бірыңғай жоспармен құрылмайды. Ол бәрінен бұрын ынтымақтастық де-факто құратын нақты жетістіктер арқылы құрылады». Бұл сөздерді Еуропа құрылысының өткендегі және әсіресе, осы уақыттағы әр кезеңіне қолдануға болады.

Шын мәнінде, Еуропа, ЕО осы мұраны негізге алуда.

Жақын арада болған екі негізгі жетістікті атап өтуге рұқсат етіңіздер.

Бірінші – бұл бейбітшілік. 2012 жылы ЕО-ға Нобель сыйлығы берілді және Нобель Комитеті «ЕО алпыс жыл бойы Еуропада бейбітшілікті нығайтуға, бітімгершілік, демократия мен адам құқықтарын тарату үдерісіне үлес қосты» деп атап өтті.

Екінші жетістік – жыл сайын күшейіп келе жатқан бірігу және ықпалдасу үдерісі, онда Лиссабон шарты ерекше кезең болды. Әлемдік дағдарыс соққылары бұл мәселеге қатты әсерін тигізбеді, бірақ көбірек ынтымақтасу, келісу және ықпалдасу қажеттігін көрсетті.

Өткен аптада Брюссельде 9 мамыр ЕО мекемелерінде ашық есік күні болды. Астанада, біз Сіздер үшін бұл қарапайым Резиденцияны ашып отырмыз.

Бізде Астанада да бұл күнді ерекше тойлауға ерекше себеп бар: 2013 жылы біз Қазақстан мен ЕО арасындағы дипломатиялық қатынастардың 20 жылдығын атап өтеміз.

Өткен жиырма жылға көз тастасақ, біздің өзара тиімді ынтымақтастығымыз қаншалықты әсерлі болғанына тек таңғалу ғана қалады.

ЕО – Қазақстанның негізгі инвесторы және сауда әріптесі. Қазақстан – Орталық Азиядағы ЕО-ның бас әріптесі. Бұл екінші және кеңейтілген Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім бойынша ағымдағы келіссөзде көрініс табады. Қазақстан өңірде және халықаралық аренада өзінің рөлі мен ықпалын кеңейтуді жалғастырып жатқан уақытта, кең өңірдің шекарасында кейбір белгілі шиеленістер пайда болуы мүмкін уақытта бейбітшілік, демократия және өркендеу үшін екі әріптес өз күшін біріктіруі тиіс.

Тек жақын арадағы жағдайларды еске түсірсек біз осының нақты және табысты мысалдарын көреміз: атап айтқанда Алматыда ЕО Жоғарғы өкілінің басшылығымен «алтылықтың» Иранмен келіссөзін, министрлік деңгейінде ЕО-ның қатысуымен және ЕО тарапынан белсенді қолдаумен «Азия жүрегі» үдерісі шеңберінде Ауғанстан бойынша министрлік конференция отырысын өткізу.

Осы оң оқиғалар жоғары деңгейде жиі кездесулер өткізуге мүмкіндік береді, атап айтқанда биыл Сыртқы істер министрі Ыдырысовтың Брюссельге сапары, өткен қарашада ЕО Жоғарғы өкілінің сапары және Президент Баррозудың алдымыздағы сапары.

Шын мәнінде, 20 деген тамаша жас!

Сонымен қатар, бұл сұлулық үшін де ең жақсы жас. Сондықтан біз бұл 20 жылдықты және Шуман декларациясын көркемөнер көрсетумен және бейнелеу өнері көрмесімен атап өтуді шештік. Бұған біз кейінірек ораламыз.

Ал қазір мен Сыртқы істер министрінің орынбасары Алексей Волковқа сөз бергім келеді және осы кеште бізбен болғаны үшін оған алғысымды айтамын.